

Бекітемін:

Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : Милы бастауыш білім беретін мектебі , «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 17.03 - 20.03.2025 ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) Күй күмбірі . «Ақ желең» күйімен қарсы алу . Ұлттық құндылық.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен "Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеу" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру. (еңбек дағдылары) «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету, шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу іскерліктерін дамыту. (еңбек дағдылары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек дағдылары) "Ақылды көліктер" дидактикалық ойыны.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттігі туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек	

	Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Лото" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар. (математика негіздері) BilimKids дамытушы мультфильмі Тұрмыстық техника https://bilimkids.kz/media/video/t-rmysty-tehnika	"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу) Мақсат-міндеттер. Кейбір дауыссыз (к-қ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың	Мақсаты: адамдардың жұмыстарын жеңілтуде көліктердің көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту; істейтін қызметтеріне қарай көліктерді топтастыруға, аттарын дұрыс атауға үйрету, сөздік қорларын молайту."	дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) "Біздің көмекшілеріміз не?" үстел-үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту. (сөйлеуді дамыту) BilimKids дамытушы мультфильмі Тұрмыстық техника https://bilimkids.kz/media/video/t-rmysty-tehnika	
--	---	---	---	---	--

		артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. (қазақ тілі)			
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары. 1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. 1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру. 2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату. 2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою. Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек. 3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу. 3.1 Бастапқы қалыпқа оралу. 4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. 4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру. (дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық	Қ.О: «Қаздар қаздар» Ұ.О: «Асық ату»	Үстел үсті ойын: үлестірмелі ойындар	Д/О: «Апта күндері»	Ұ.О: «Күш сынасу»	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Наурыз келді, алақай!" Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; шеңбер бойымен бір-	Дене шынықтыру "Наурыз құтты болсын!" Мақсат-міндеттер. Балаларда тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу	Музыка "Көктем келді, алақай!" Мақсат-міндеттер. Балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және	Дене шынықтыру "Наурыз мерекесі келді". Мақсат-міндеттер. Балаларда көлбеу қойылған тақтай үстінде жүруге үйрету; бір орыннан ұзындыққа секіру	

	бірінің қолынан ұстап жүгіруге үйрету; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету.	және одан төмен түсу дағдыларын жетілдіру	адым жаттығуларын үйлесімді орындауға үйрету; музыкалық аспапта (қасықпен) ойнау қабілеті мен дыбысты есту қабілетін дамыту.	дағдыларын дамыту; негізгі қасиеттерді-шапшаңдық, ептілікті дамыту; құм салынған қапшықшаны оң және сол қолымен алысқа лақтыру дағдыларын дамыту.	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шиқылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды	"Көшелер". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсаты: балалардың көше, жол туралы ойларын нақтылау және кеңейту; жүк және жеңіл көліктер туралы; көшеде өзін-өзі ұстау ережелері туралы қарапайым білім беру, байқағыштықты дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын	Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.	

	кылшақтар арқылы тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Максат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласындар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, барлығың жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді.	қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). (еңбек дағдылары) Максат-міндеттер: ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал", "Үшінші артық". Максат-міндеттер: ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамыту. (дене шынықтыру) Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, допты лақтыру және қағып алу. Максат-міндеттер: ептілікті, лақтыру қимылын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру. (дене шынықтыру)	күйлерін көтеруге ықпал ету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Қуып жет". (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.	- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсындар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шиқылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсындар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды кылшақтар арқылы тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Максат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге,	
--	--	---	--	--	--

	Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. - Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. С. Бегалин "Аяқ ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру.			тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Ұлттық ойын. Киіз үй Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді. (дене шынықтыру)	Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күнмен бірге тұрамыз ,	Ұлттық ойын. Киіз үй Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша	

		балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Құспен бірге ән саламыз Қайырлы таң! Ашық күн! Көңілді біз тұрамыз. Күлім қағып қолымды, 1,2,3 деп соғайын. (сөйлеуді дамыту)	«киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді. (дене шынықтыру)	
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан) Мақсат-міндеттер. Балалардың көркем сөзді айта отыра, саусақтарды кезегімен бүгіп қимылдай білу, ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу. Педагог алақанын ашып, қолын балаларға қаратып, көркем сөзді айта отырып, кезегімен саусақтарын бүгеді. Балалар жаттығудың үлгісін көргеннен кейін педагогке ілесіп қайта орындайды, тапқакты жатқа айтуға тырысады. "Бесік жыры". Әлди, әлди, ақ бөпем,	BilimKids. Бата. (мультфильмін көру) Ұзын күміс сақалы Ауылдың ақсақалы Бата берген мейірімді Жақсы көрем атаны Шапқан жүйрік тайдай бол! Жүк көтерер нардай бол! Айналайын, таудай бол! Жарқыраған айдай бол! Терең түскен әжімі Кимешегі әдемі Бата берген мейірімді Жақсы көрем әжені Желбіреп тұлымшағың, Тілің балдай болсын! Тұлпар болып	Музыкадан ойын жаттығу. "Наурыз көктем" Балалардың бесік жыры әнін тыңдай отырып, оның сипатын түсіне білу қабілетін арттыру; наурыз көктем туралы әнді үйретуде дыбысты есту қабілетін жетілдіру; бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдысын жетілдіру; топта өлең айта білуге үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрге деген қызығушылығын тудыру; Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту;	Жұмбақтар Жай да үнсіз тұрады, Біреу келсе тез жат деп, Қоңырауын ұрады, Дабыл қағып безектеп. (Телефон) Іші салқын,мұзы бар, Күнкей қашқан қой сынды,	

	Ақ бесікке жат, бөпем. Жілік шағып берейін, Майын жесең, тоясың, Жылауыңды қоясың. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	құлыншағың Бәйгелерден озсын! Бата деген ақ тілек Жолың ашық болсын деп Қарттар бата береді Қол жайып тілек тілеп Қолымызды жаяйық Бата бер деп сұрайық Азамат боп есейіп Таудай болып өсейік. (сөйлеуді дамыту, музыка)	дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру; аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; топта өлең айта білуге үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; өлең айту кезінде тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету. Балаларды ұлттық салт-дәстүрді сақтай білу мәдениеті пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру. Сюжетті суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Қазақ халқы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)		
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелелесу.	Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу.	Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу.	Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелелесу	

